

**Абай ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрацияларды өткізуудің тәртібін және орындарын қосымша регламенттеу туралы**

### **Күшін жойған**

Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 33 сессиясының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 33/395 шешімі. Қарағанды облысы Абай ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 9 наурызда N 8-9-102 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2016 жылғы 14 наурыздағы N 54/591 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 14.03.2016 N 54/591 (алғаш ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар үйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Зандарының негізінде және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ көліктің, инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз қызмет етуін, жасыл жалектердің және кіші архитектуралық формаларының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТПІ:**

1. Абай ауданында өткізілетін бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялардың орындары қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Осы шешім оны ресми түрде жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,	
Абай аудандық	
мәслихатының хатшысы	Б. Цай

Абай аудандық мәслихатының  
2011 жылғы 1 наурыздағы  
33 кезектен тыс сессиясының  
N 33/395 шешіміне қосымша

**Абай ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрацияларды өткізуге арналған орындар**

N	Тұрғылықты жер	Откізу орны
1.	Абай қаласы	3 – шахта – құрылым басқармасының аумағында
2.	Топар кенті	Өрт сөндіру депосының ауданында, гараждардың жаңындағы бос жерлер
3.	Карабас кенті	Трансформаторная көшесінің бойындағы соңғы автобус аялдамасының жаңында
4.	Южный кенті	"Қарағанды-Жезқазган" трассасы жағындағы аурухана аумағында
5.	Көксу ауылы	Орталық жайдағы бүрынғы аялдаманың жаңында
6.	Құлаайғыр ауылы	Футбол стадионының аумағында
7.	Агрогородок ауылы	Колледж жаңында, автостанция маңында
8.	Юбилейный ауылы	Парк аумағында
9.	Жартас ауылы	Емхана ауданында
10.	Есенгелді ауылы	Ауылдық клуб аумағында
11.	Самарка ауылы	Крайняя көшесінде, көл маңында
12.	Сарепта ауылы	Трудовая көшесіндегі жанұялық-дәрігерлік амбулатория маңында
13.	Құрма ауылы	Жұмабек бөлімшесіндегі подстанция ауданында
14.	Ақбастау ауылы	Орталық технологиялық тазалау кешенінің ауданында

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК